

ЖШС «КАСПИЙ ӨңІРІ «БОЛАШАҚ» КОЛЛЕДЖІ»

«ЖАЗҒЫ ПРАКТИКАҒА ДАЙЫНДЫҚ»

сабағынан ФК-17-1 тобының студенті

Бақытжан Назеркенің

Есебі

Ақтау қаласы, 2020 жыл

ЖШС Каспий Өңірі «Болашақ»
колледжінің ФК-17/1 тобының студенті
Бақытжан Назеркенің берген

Есебі

Мен Бақытжан Назерке 2-ші семестрдегі «Жазғы практикаға дайындық» сабағымызды ЖШС «Каспий Өңірі «Болашақ» колледжінде» пән мұғаліміміз Қосымбаева Назеркемен өттік. Қосымбаева Назерке тобымызбен өзінің әр апта сайын болатын сабағын бізбен бірге қызықты өткізді. Біздің тобымызда 19 ұл, 7 қыз бар.

Біздің ең алғашқы сабағымызда әр түрлі суреттерден мамандығымызға байланысты сұрақтар жазып оны шештік. Жоспар бойынша Қосымбаева Назерке ары қарай әр апта сайын өзінің сабағын қадағалап өткізді. Келесі сабақтарымыздың бірінде біз топ болып жетекшіміздің қасына еріп спорт зал алаңына барып шатырлар құрдық. Біз күннің ауа-райына байланысты спорт залда өттік. Шатырларды құру үшін жетекшіміз бізді 3 топқа бөліп, шатыр құруды үйретті. Әр топ әр түрлі фигурадағы шатырлар құрды. Осылайша еңбектерімізді жетекшіміз бағалап бізді бақылайда жүрді.

Біз тек бұл сабақтармен шектеліп қалған жоқпыз. Бізге Қосымбаева Назерке жалпы тұрғыда айтқанда дайын мұғалім ретінде қабылдап, мектептегі біздің қандай жұмыс атқарып, қандай құжаттармен айналысатынымыз туралы, ол құжаттар қандай болу керектігін, балалармен қалай жұмыс жасау керектігін үйретіп түсіндірді.

Сабағымыздың соңғы күндерінде әр сабақтан не үйренгеніміз туралы құжаттар жинақтадық. Жинап болған соң біз жетекшімізге тапсырдық. Соңғы сабақтарда біз осы уақытқа дейін нестегенімізді қандай қызықты сабақтарды өткенімізді айтып қайталап еске түсірдік. Пән мұғаліміміз Қосымбаева Назеркеге ФК-17-1 тобының атынан рахметімізді айтамыз.